

Азии/ В будущее без барьеров: Региональное сотрудничество в области человеческого развития и обеспечения человеческой безопасности. Региональное бюро ПРООН по странам Европы и Содружества Независимых Государств//www.un.org/ru/development/hdr/central_asia_2005.pdf

* * *

Мақала Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының Орталық Азиядағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуін талдауға арналған. Орталық Азия аймағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі келісім-шарт, келісімдер және халықаралық

аренадағы қалыптасқан жағдайларды зерттеу арқылы жүзеге асырылады. Мақалада терроризм, экстремизм және наркотрафик мәселелерінің ықпалы талқыланады.

* * *

The article is devoted to the analysis of providing safety of the Shanghai Organization of Cooperation in the Central Asia. The safety problem in Central Asia is investigated by means of researching of contracts, agreements and the situation on the international scene. It was also considered the influence of the problem of terrorism, extremism and the narcotraffic.

Л. М. Уразова

БАРАК ОБАМА ӘКІМШІЛІГІНІҢ АУҒАНСТАН БОЙЫНША СТРАТЕГИЯСЫ: АМЕРИКАЛЫҚ АВТОРЛАР КӨЗҚАРАСЫ ТҮРҒЫСЫНАН

2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі Америка Құрама Штаттарындағы террористік актілердің салдары сол кезде қалыптасқан халықаралық тәртіпті түбегейлі өзгерткен болатын. Ал АҚШ-тың соңғы жылдардағы сыртқы саясатының сараптамасы антитерроризм оның басты құрылымдық элементіне айналғандығын көрсетеді. Соңғы жылдары АҚШ сыртқы саясатының антитеррористік стратегиялар мен бағдарламалары негізінен Ирак пен Ауғанстанда кеңінен қолданыс тапты. Бұл мәселе Джорж Уокер Буштың да Барак Хусейн Обаманың да сыртқы саясатта жіті екіпін қоятын саласы болып табылады.

Ауғанстан мәселесі әлемдегі ең ірі оқиғалардың бөлігі және «қырғи-қабак соғыстың» салдары болып табылады. 2008 жылы президенттік кампания кезінде Барак Обама командасы терроризммен күресте фокусты Ирактан Ауғанстанға аудару керектігін алға тартқан болатын. Бұл әрекетті Обама Ауғанстан мен Пәкістанға барлық назарды аудару «әл-Каидамен» күресті террористердің кең мекенденетін жерінде тиімді жүргізуге мүмкіндік беретіндігімен түсіндірді [1].

2009 жылы Барак Обама президенттік қызметіне кіріскелі бері 3 жыл уақыт өтті. Барак Обама өзіне дейінгі Дж.Буш президенттігі кезіндегі «лаңкестікпен жаһандық күрес» терминінен бас тартып, сыртқы байланыстарда сипаты жағынан өзгеше саясатты жүзеге асыруда. Жаңа әкімшілік республикалықтардың 2001 жылы 11 лаңкестік актіден кейін Ирак

соғысын жүргізуін, аталмыш актілерге жауаптың алғашқы және заңдылықты жолынан таю деп айыптады [2].

Обама президенттігіндегі АҚШ сыртқы саясатындағы ең басты мәселелердің бірі Ауғанстанды тұрақтандыру мен аймақтағы жағдайды реттеу болып табылатындықтан, ол президенттігінің алғашқы жылынан бастап Ауғанстан мен Пәкістан үшін жаңа стратегиясын жариялады. Ол стратегияның АҚШ-тың Ауғанстан мен Пәкістанда бұған дейін жүргізілген саясатынан бірқатар айырмашылықтары бар. Стратегияның басты мазмұны әл-Каиданың негізгі орналасу мекендері болып табылатын Пәкістан мен Ауғанстанда тек қана әскери-повстанциялық әрекеттер емес, сонымен қатар «шекара бойындағы барлау қызметін жақсарту және әскери ынтымақтастықты жалпыға ортақ сауда-саттық, энергетика мен экономикалық даму мәселелерін шеше отырып арттыру» мәселелерін де қолға алуды меңзейді [3].

Барак Обама өз мәлімдемесінде атап өткендей, жаңа стратегия бұған дейінгі сегіз жылдық тәжірибе мен онда атқарылған іс-шаралар және олардың нәтижелілігін ескере отырып жасалынды. Ауғанстан-Пәкістан стратегиясы, ең алдымен, жағдайды тұрақтандыру үшін дипломатиялық шаралар арқылы жүзеге асыруды көздейді. Негізінен, Барак Обама стратегиясы Ауғанстан мен Пәкістанды біртұтас кеңістік концепциясы тұрғысынан қарастырып, негізгі үш бағытта жетістікке жетуді көздейді:

Ауғанстан, Пәкістан және «байланыс тобы». Жаңа стратегия авторлары пікірі бойынша АҚШ үкіметі «әл-Каидамен» күрес барысында бір мезетте ауған әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен әскерін дамыту шараларын да жүзеге асырады. 2009 жылдың ішінде Ауғанстандағы шет ел әскери контингенті екі есе өсірілді. Сонымен қатар Ауғанстан мен Пәкістан шекарасы күзеті де нығайтылды [3].

Алайда аталмыш стратегия өзінің жария болған күнінен бастап қызу талқылаулар тақырыбы болды. Балх провинциясы губернаторының кеңесшісі Хабибулла Кухманд пікірі бойынша Обама әкімшілігінің Ауғанстан және Пәкістан стратегиясы жергілікті билік өкілдері тарапынан жылы қабылданғанымен, қарапайым халықтың ол стратегияның жүзеге асырылуына салқын қабақ танытып отырғандығын айтады [4].

Обаманың Ауғанстан-Пәкістан стратегиясына қатысты америкалық авторлардың да пікірі көп жағдайда біркелкі емес. Мысалы, Жаңа Америка Қорының жоғарғы ғылыми қызметкері әрі Сити университетінің журнализм және саясаттану профессоры Питер Бинарттың (*Peter Beinart*) пікірі бойынша, Барак Обама Джорж Бушпен салыстырғанда әлемдік лаңкестікті жеңу мақсатын емес, әл-Каидамен күрес арқылы лаңкестіктің көлемін азайтып, Америка Құрама Штаттарының күшін әлсіретуге және оның басқа да басымдықтарынан айырылуына жол бермеуді мақсат етеді. Сонымен қатар Питер Бинарт Барак Обаманың сыртқы саясатын Ричард Никсон президенттігінің соңғы жылдарындағы Вьетнамдағы саясатымен салыстырып, ол кездегі «коммунизмді тежеу» сыртқы саяси доктринасын қысқартуға талпынысы бақылаудан шығып кеткендігін мысал етеді. Ол бойынша Никсон сияқты Обаманың да өзінің алдындағы президенттің саясатынан бас тартуының өмірлік маңызы болды, бірақ бүкіл әлемге әлсіз болып көріну қаупі бар. Бинарт Обаманың стратегиясының экономикалық тұрғыда дұрыс есептелгенін айтады. Егер Джорж Уокер Буш кезінде «жаһандық терроризмге» қыруар қаражат жұмсалған болса, Обама бүкіл әлемдегі зұлымдықпен күресу тек қана АҚШ міндеті еместігін алға тартып, лимиттік саясат қолдануда. Алайда Бинарт Обаманың терроризммен күрес саясатының екі тиімсіз жағын ашып көрсетті. Біріншісі моральдық тұрғыда, яғни аталмыш саясат көптеген америкалықтардың түсініспеушілігін тудырады, екіншісі – Обаманың АҚШ қарсыластарымен дауларды келіссөздер арқылы шешуге тал-

пынысы нәтижелі болмау ықтималдығы. Бинарт АҚШ-тың 2009 жылдағы жағдайы 2002-2003 жылдардағыдан біршама төмен болғандықтан келіссөздерді АҚШ пайдасына шешуі екіталай деген көзқараста [5].

Бинарттың соңғы пікірімен Колумбия университетінің (*Columbia University*) профессоры, тарихшы Саймон Шама (*Simon Schama*) мен журналист Джорж Пакер (*George Packer*) толықтай келісіп, Обама Ауғанстанға жіберуге уәде еткен әскер саны 30 000 емес, 100 000 болуы тиіс деп есептейді. Шама Обаманың Ауғанстан мәселесінде жұмсақтық танытып отырғандығын оның сайлау алды уәделері мен ұстанымдарынан бас тартуы деп айыптайды. Аталмыш авторлардың пікірі бойынша Обама Абраам Линкольн тәжірибесін қолдануы тиіс [6].

Осы сынды пікірлер Барак Обаманың президенттігінің бірінші жылының орта шеңіне қарай арта түсті. Оның центристік саясаты елдегі неоконсерваторлардың наразылығын тудырды. Сол тұрғыда «Power Rules: How Common Sense Can Rescue American Foreign Policy» авторы Лесли Эйдж Гелб (*Leslie H. Gelb*) Барак Обаманың Ауғанстанға арналған стратегиясын жарияланғаннан кейінгі сегіз айдан соң ондағы көрсетілген басты мақсаттардан ауытқу байқалды деп есептейді. Демек, бастапқыда Ауғанстанның саяси және экономикалық инфрақұрылымын тұрақтандыру, орталықтанған, күшті билік институттарын орнату, ауған әскерін жаттықтыру, т.б. көзделсе, бірер айдан соң Обама Ауғанстандағы соғысты «қажеттілік соғысы» немесе мәжбүрлі соғысу деп атады [7]. Бұл Обаманың жыл басында Ауғанстандағы жағдайды тұрақтандыруға байланысты қойылған мақсаттарының жүзеге асырылуындағы кедергілердің көбейгендігін көрсетеді. Алайда АҚШ Ауғанстаннан жеңіссіз және дәл сол мезетте шығып кете алмас еді, сондықтан да Обама әкімшілігі Ауғанстаннан «абыроймен» шығу жолдарын іздестіре бастады.

Дамиэн МакЭлрой (*Damien McElroy*) 2009 жылдың қараша айында жарық көрген мақаласында Америка Құрама Штаттары өзі үшін Ауғанстандағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қаншалықты құнды екенін тез арада шешуі тиіс және бұл мәселелерде басқа одақтас Батыс мемлекеттеріне үміт арту қателік, себебі олардың барлығы АҚШ үкіметінің соңғы шешімін күтеді деп сынға алды [8]. Сондықтан да автор Барак Обама президенттігінің басында НАТО бойынша әріптестеріне Ауғанстан мәселесінде үміт артуы да қателік болып табылады деп есептейді.

Фрэнк Джеймс (*Frank James*) пікірі бойынша, Ауғанстандағы соғыс Обама үшін тек қана ұлттық қауіпсіздік мәселесі емес, сонымен қатар өзінің саяси күші деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Сондай-ақ Ауғанстанды «Обаманың Вьетнамы» деген пікірмен де келіспейді. Себебі Обаманың Ауғанстандағы саясатын демократтармен қатар республикалықтар да қолдауда. Джеймс ауған мәселесін Обаманың кезінде Буш әкімшілігі жүргізген саясатпен салыстырудың қате екендігін алға тартады. Себебі Обама президенттігі кезінде бірнеше басы ашылмаған мәселелер орын алып отыр. Бірінші Ауғанстандағы және Пәкістандағы жағдай қаншалықты Америка Құрама Штаттары үшін өмірлік маңызы бар екендігі белгісіз, себебі 2010 жылғы жағдай шамамен 10 жыл бұрынғы жағдаймен бірдей емес. «Осы мемлекеттерден төнетін қауіп-қатерлер қазіргі таңда да өз күшін сақтап қалды ма әлде қауіп деңгейі азайды ма, ол да әлі сұрақ күйінде қалып отыр», - деп есептейді Фрэнк Джеймс. Осыған қоса автор мәселенің тағы бір жағы, яғни америкалықтардың Ауғанстан-Пәкістан бағдарламасына көзқарасы қалай деген мәселе. Саясаттанушы америкалықтар мемлекетті терең қаржылық дағдарысқа алып келетін бағдарламаларды қолдауы немесе қолдамауы да біржақты анық еместігін атап көрсетеді [9].

Ауғанстан мәселесінде қоғамдық пікірдің Обама әкімшілігінің стратегиясының жүзеге асуына тікелей ықпалы туралы келесі америкалық халықаралық қатынастар маманы Патрик Фрост (*Patrick Frost*) өзінің «President Obama on Afghanistan: Cold Calculation or Measured Response?» атты мақаласында Обаманың Ирактағы соғысты аяқтау туралы шешімі жай ғана Джорж Уокер Буштың саясатының логикалық жалғасы болып табылады деп пайымдайды. Фросттың сараптамасы бойынша Обама Ауғанстанда да Буш саясатын жалғастыруда, алайда америкалық қоғамының наразылығына тап болмау үшін «соғыс» сөзін сирек қолдануда. Сонымен қатар аталмыш мақала авторы пікірінше, Обама әкімшілігінің Ауғанстан жергілікті билік өкілдерімен келіссөздерге келуі де мүмкін емес, белгілі бір ортақ шешімдерге келсе де оның жүзеге асуы қиынға соғады, себебі жергілікті халық орталық билікке бағынбайды [10].

Орталық билікпен келіссөздер жүргізіп, ортақ шешімдерге келуі Обаманың Ауғанстан - Пәкістан стратегиясының «үш китінің» бірі болып табылатыны жоғарыда аталып өткен болатын. Осы мәселе төңірегінде Барак

Обаманың президенттігі мерзімінде барлық америкалық саясаттанушылар мен сараптамашылардың пікірі бір жерден шығуда. Бұл пікірмен әскерилерде келісуде. Мысалы, Америка Орталық Барлау Қызметінің Пәкістан бойынша бұрынғы қызметкері Милтон Бирден (*Milton Bearden*) пайымдауынша, Обаманың Ауғанстан соғысына қатысты саясатында қаржылық қиындықтарға ұшырамаудың жолдарын алға қоюда, дегенмен Америка Құрама Штаттары Ауғанстан мәселесінде бірнеше жыл төңірегінде «қаржылық былыққа» тап болуда. Соған қоса, Обама стратегиясындағы, Пәкістанмен, әл-Каидамен күресте келіссөздер мен ынтымақтастықты нығайту жайында Милтон Бирден АҚШ үшін бұл елмен ынтымақтасу Ауғанстан мәселесіне Үндістанның да араласуына алып келетіндігін болжайды. Ал бұл жағдай Обама әкімшілігінің Ауғанстан-Пәкістан стратегиясын жүзеге асу мүмкіндігінен айырады [11].

Әсіресе америкалық авторлар 2009 жылғы Ауғанстандағы президенттік сайлаудың өтуі мен оның нәтижелеріне байланысты Обаманың стратегиясын қайта қарастыру керек деген пікірді алға тартты. Осы орайда Мортон Абромовитс (*Morton Abramowitz*) АҚШ үкіметі Хамид Карзай әкімшілігімен өте ұзақ мерзім жұмыс істегендіктен жағдайдың осы сынды бет алысын болжап, алдын алуы тиіс еді деп есептейді [12]. Америка үкіметінің «сайлау жасауға» деген «қабілеті», яғни Хамид Карзайдың билік басына заңсыз сайлау нәтижесінде келуі оның Ауғанстан-Пәкістан стратегиясының негізгі тіректерінің бірі келіссөздер жүргізіп, ынтымақтасу көзделген жергілікті ықпалды қолдаушыларынан айырылды. Себебі Ауғанстанның ішкі саяси аренасында Хамид Карзайдың қайта президент болып сайлануына қарсы топтар түпкілікті қарсы болды.

Осы іспеттес пікірді Халықаралық қатынастар бойынша Кеңестің аға ғылыми қызметкері әрі Тәуелсіз Мақсаттар тобы қаржыландырып Ауғанстан-Пәкістан стратегиясы жобасының директоры қызметін атқарған Даниэль Марки (*Daniel Markey*) Ауғанстандағы президенттік сайлаудың әділетсіз өткендігі АҚШ-тың кейбір жергілікті билік иелерінің сенімінен айырылуына алып келді деп есептейді. Ол өзінің *Foreign Policy* журналында жарияланған «Failing Afghanistan» деп аталатын мақаласында Америка Құрама Штаттары Хамид Карзайдан бас тартпай, Ауған соғысын жеңе алмайтындығын айтады [13].

Дегенмен Обама әкімшілігі құрамының да бұл мәселеге көзқарасы біркелкі еместігі белгілі. RAND корпорациясының аналитигі Джеймс Доббинс (*James Dobbins*) те білдіріп отыр. Оның ForeignAffairs.com сайтындағы «Your COIN Is No Good Here» атты мақаласында Барак Обаманың саясаткер ретінде екі тараптың ортасында қалғанын айтады. Оның пікірінше, негізгі мәселе оның кеңесшілерінде, яғни оның әскери кеңесшілері генерал Дэвид Пэтреус пен Стэнли МакКристал мен азаматтық кеңесшісі Джо Байден және басқаларының ұстанымдарында. Біріншілері Америка Құрама Штаттары 2007 жылғы Иракта ұстанған партизандық әдісті Ауғанстандағы соғыста да қолдану арқылы жеңіске жетуге болады деп есептесе, екіншілері Ауғанстан соғысын Вьетнамдағы соғыстың салдарымен салыстырып, Барак Обамаға керісінше кеңестер беруде [14].

Президент әкімшілігінің басты сыртқы саяси проблемалардың бірінде бірнеше ұстанымдардың болуы Америка қоғамындағы көзқарастардың, Барак Обаманың президенттігінің бастапқы кезеңімен салыстырғанда кері бағытқа өзгере бастауына әсер етті.

Вашингтондағы ғылыми орталықтың ұлттық қауіпсіздік бойынша ғылыми кеңесшісі Кайл Спектор (*Kyle Spector*) 2010 жылдың 19 шілдесіндегі «Americans barely trust Obama on Afghanistan» атты мақаласында Америка Құрама Штаттарының Ауғанстан соғысындағы жеңісіне америкалықтар пессимистік көзқарас танытып отырғандығын айтады. Автор америкалықтар он жыл көлемінде жеңіске жетпеген соғысқа әрі қарай ресурстар, күш, уақыт жұмсаудың қажеттілігіне күмәнмен қарайтындығын алға тартады. Алайда алдын ала жасалған сауалнамалар нәтижесі бойынша АҚШ халқы әлі де болса Барак Обама әкімшілігінің Ауғанстандағы саяси стратегиясын қолдайтынын ескере отырып Кайл Спектор америкалықтардың «соғыста АҚШ-тың жеңетініне сенбейді, бірақ Обама жасақтаған миссияға сенім білдіреді». Яғни, аталмыш мақала авторының жасаған қорытындылары бойынша сараптамашылардың сын-пікіріне қарамастан, Америка халқы әлі де президент Барак Обаманың Ауғанстан-Пәкістан стратегиясын, және соның аясында жүзеге асырылып жатқан бағдарламаларды қолдайды [15].

Обама әкімшілігінің центристік саясаты көп жағдайда өзінің электоратының қалауына байланыстырылып отыр, себебі оның сайлауда жеңуіне, ең алдымен, елде Джорж Буш кезіндегі қаржылық дағдарыстың бой алуы, Ирактағы әскери операциялар шығынына халық нара-

зылығы салдарынан республикалықтар сайлау науқанында жеңіліс тапты. Америка халқы жаңа саяси реформалар мен жас әрі бейбітсүйгіш басшыға мұқтаж болды, ал Обама өзін сайлау кампаниясынан бастап аталмыш талаптарға сай тұлға ретінде көрсетті.

Осы орайда Обаманың центристік саясатының нәтижесіне күмән келтірушілер мен сынға алушылар қатарында Зб.Безжинский де бар. Збигнев Безжинский Ауғанстан мәселесі Барак Обама үшін шешімін таппаған маңызды мәселе болғанымен, оның әкімшілігі үшін бірқатар себептерге байланысты Таяу Шығыс қақтығысы маңыздырақ деп атап көрсетеді. Сонымен қатар Безжинский Обама өзін жай ғана шешен емес ірі мемлекеттік қайраткер ретінде көрсету үшін нақты қадамдар жасай бастауы тиіс деп есептейді [16].

Өз президенттігінің бастапқы кезеңінде Обама Ирактағы Америка әскерін шығарып, Ауғанстанға бағыттауы арқылы америкалықтардың қолдауына ие болды. Президенттің бұл қадамдарын бірқатар саясаттанушылар мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері АҚШ-тың антитеррористік күрес стратегиясындағы ең маңызды өзгерістер ретінде бағалаған болатын. Алайда біз қарастырған сарапшылар 2009 жылдың соңына қарай Обаманың Ауғанстан-Пәкістан бойынша стратегиясы Джорж Буш саясатының логикалық жалғасы екендігін атап көрсетуде. Бұл пікірдің де логикалық негізі бар, себебі 2008 жылдың соңына қарай Ирактағы жағдай біршама тұрақталып, ал Ауғанстандағы тұрақтылық жағдайы айтарлықтай нашарлаған болатын.

Белгілі болғандай, жоғарыда аталып өткен сарапшылар пікірлерінің басым бөлігі Барак Обаманың Ауғанстан-Пәкістан стратегиясы мен ондағы саясатын сынға алуда. Стратегияның негізгі мақсаты әл-Каидамен күрес, ауған, пәкістандық жергілікті билік өкілдерімен келіссөздер арқылы аймақтағы жағдайды тұрақтандыру болатын. 2009 жылдың басында жария етілген бұл стратегиялық мақсаттарға қазіргі күні толық қол жеткізілді деп айту қиынға соғады. Бастапқыда аталмыш мақсаттарға 2011 жылдың жазында жету көзделсе, 2010 жылы Барак Обама Ауғанстандағы америкалық әскерді тек қана 2014 жылы шығаруға дайын екенін мәлімдеді. Бұл жағдай өз кезегінде Барак Обама әкімшілігінің Ауғанстанға арналған стратегиясына айтарлықтай түзетулер енгізу керектігін меңзейді. Сонымен қатар америкалық сарапшылардың пікірлерін хронологиялық тұрғыда қарастыру арқылы Барак Обаманың президент-

тігінің бастапқы кезеңімен салыстырғанда соңғы кезеңдері Америка Құрама Штаттарында Ауғанстан бойынша стратегияның жақтастары азайып келе жатқандығын байқауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар Барак Обама әкімшілігінің Ауғанстан-Пәкістан стратегиясы АҚШ-тың НАТО бойынша әріптестерінің ұстанымдарының нақты болмауы оның жүзеге асуына, Ауғанстандағы жағдайдың тез арада тұрақтануына кедергі келтіреді. АҚШ пен НАТО-дағы әріптестерінің қатынастарының бұл тенденциясы, Обаманың Ауғанстаннан әскерді 2014 жылы шығаратынын мәлімдегелі бері әлі нақты ортақ стратегияның жасақталмауынан анық байқауға болады. Бұған дейінгі Ауғанстан соғыстарының нәтижелерін және АҚШ-тың онда 10 жылдан бері операциялар жүргізіп келе жатқанын, дегенмен жағдайдың тұрақтылық сипат алмағанын ескерсек, Америка сарапшыларының Барак Обама әкімшілігін Ауғанстан бойынша стратегиясын қайта қарастыру күтіп тұр деген болжамдарымен келісуге болады.

1. Шумилин А.И. Фактор антитерроризма во внешней политике администрации Обамы – США-Канада: экономика-политика-культура, 2009. - №7.

2. Рогов С.М. Перспективы политики администрации Обамы - США-Канада: экономика-политика-культура, 2009. - №3.

3. Obama announcement on Afghanistan and Pakistan policy, http://thecable.foreignpolicy.com/posts/2009/03/27/obama_announcement_on_afghanistan_and_pakistan_policy

4. Кухманд Хабибулла. Новая стратегия США и афганско-пакистанские отношения, <http://www.afghanistan.ru>

5. Peter Beinart, Obama Shrinks the War on Terrorism, <http://www.time.com/time/nation/article/0,8599,1945182,00.html>

6. Analysts: Obama's Afghanistan speech crucial, <http://www.edition.cnn.com/2009/POLITICS/11/30/obama.afghanspeech>

7. Leslie H. Gelb, Obama's Befuddling Afghan Policy, <http://www.online.wsj.com/article/SB10001424052970204488304574426812788385256.HTML>

8. Morton Abramowitz, The Afghanistan Mess, http://www.foreignpolicy.com/articles/2009/10/08/the_afghanisttan_mess

9. Damien McElroy, America must decide how much it values Afghanistan's security, <http://www.telegraph.co.uk/news/worldnews/asia/afghanistan/6557706/America-must-decide-how-much-it-values-Afghanistan-security.html>

10. Frank James, For Obama, Politics Of Afghan War Less Vexing Than Strategy <http://www.npr.org/blogs/itsallpolitics/2010/12/17/132119560/for-obama-politics-of-afghan-war-less-vexing-than-strategy>

11. Patrick Frost, President Obama on Afghanistan: Cold Calculation or Measured Response? <http://afghanistan.foreignpolicyblogs.com/tag/obama-afghan-strategy/>

12. Milton Bearden, Obama's War.Redefining Victory in Afghanistan and Pakistan, <http://www.afhu.org/node/768>

13. Daniel Markey, Failing Afghanistan, http://www.foreignpolicy.com/articles/2010/12/03/ailing_afghanistan

14. James Dobbins, Your COIN Is No Good Here, <http://www.foreignaffairs.com/articles/66949/james-dobbins/your-coin-is-no-good-here>

15. Kyle Spector, Americans barely trust Obama on Afghanistan, http://afpak.foreignpolicy.com/posts/2010/07/19/americans_barely_trust_obama_on_afghanistan

16. Политика Обамы в Афганистане: мнения расходятся, http://www.voanews.com/russian/news/Obama_Afghanistan_2010_01_17-81922392.html

В статье «Стратегия администрации Барака Обамы по Афганистану: с позиции взглядов американских авторов» рассматриваются вопросы политики администрации Барака Обамы по отношению к Афганистану. Также в статье проанализированы мнения американских авторов по данному вопросу. Анализ публикации американских политиков, политологов, военных, историков и журналистов дает возможность объективно оценить проводимую политику администрации Барака Обамы по отношению к Афганистану.

The article «Strategy of administration of Barack Obama to Afghanistan: from a position of sights of the American authors» is considers issues Barack Obama's administration policy on Afghanistan. In the article the author analyzes the American experts opinions on this subject. The analysis of the publication of the American politicians, political scientists, military, historians and journalists gives the chance to estimate the of Barack Obama's administration policy on Afghanistan.

С. Чукаева

КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ И ОБЪЯСНЕНИИ «МИРОВОГО ПОРЯДКА»

Новый мировой порядок (англ. New World Order, лат. Novus Ordo Seclorum) — устойчивое словосочетание, применяемое в основном в политике для обозначения разнообразных явлений в настоящем и прогнозов на будущее

мирового устройства. Общепринятого значения не имеет. Латинский девиз «Новый мировой порядок» помещён Чарльзом Томпсоном в 1782 году на печати США, в основании изображения пирамиды. В свою очередь он